

Ғылыми зерттеуді ұйымдастыру және өткізу

Жоспары:

1. Психологиялық ғылыми зерттеудегі эксперименттік әдістің ерекшелігі. Эксперименттік зерттеу моделі.
2. Зерттеуді ұйымдастыру үшін қойылатын негізгі талаптар.
3. Зерттеудің мақсаттарын, міндеттері және болжамдарын анықтау. Психологиялық зерттеудің әдістемесі.
4. Зерттеу әдісі мен техникасы.
5. Психологиялық зерттеулер дайындығы және эксперимент жүргізу.


Кілт сөздері:

Моделдеу-педагогикалық процесс туралы теориялық түсінік. Модель педагогикалық процестің қызметінің шарттарын, байланысын, элементтер жүйесін бейнелейді.

Бақылау-процесс нәтижесінде зерттеуші нақты мәліметтер алатын белгілі бір педагогикалық құбылыстың мақсатқа бағытталған көрінісі.

Ғылыми жаңалық-бұрын ешкім зерттемеген алғаш рет алынған нәтижелер.

Студенттердің ғылыми – зерттеу жұмыстарының түрлері



Бақылау – зерттеу барысында дерек материал жинақтау мақсатымен қандай да педагогикалық құбылыстың назарға алынуы. Бақыланған құбылыстар міндетті түрде хатталады. Бақылау нақты нысанмен жете танысуға орай алдын ала белгіленген жоспар бойынша жүргізіледі.

Бақылау жұмысы келесі кезеңдерге бөлінеді:

1. бақыланатын объект, оның элементтерін және ситуацияларын тандастыру;

2. бақылау және оның барысында ақпарат топтастыруға оңтайлы әрі тиімді тәсілдерді іріктеу;

3. байқалғандарды хатқа түсіру формасын ойластыру;

4. жинақталған ақпараттарды өңдеу және дәйектеу.


Бақылау түрлері:

тұтастай және таңдамала ыбақылау.

араласа бақылау – ізденуші зерттеу жүргізіп жатқан топтың мүшесі ретінде қатысады;

ашық және жасырын бақылау;

сырттай бақылау – зерттеуші ізденіс жұмыстарына тікелей араласпайды;



Сұхбат әдісі – қажетті ақпаратты алу немесе бақылау барысында түсініксіздеу болған құбылыстың мәнін аша түсу мақсатымен дербес не қосымша қолданылатын зерттеу тәсілі. Сұхбат айқындалуы тиіс нақты сұрақтар бойынша күні ілгері түзілген жоспармен орындалады.

Анкеттеу – ауқымды материал жинақтау үшін қолданылады. Сұрақ жауаптары жазба күйінде қабылданады. Сұхбаттасу мен интервью алу бетпе – бет әңгімелесумен жүргізіледі, ал анкеттеу – сырттай орындалады.

Эксперимент - белгісіз және анық емес нәтижелермен түсіндірілетін ғылыми-зерттеу жұмысы.

Білім беру жүйесінде эксперимент деген түсінік-«іздену», «іздену жұмыстары», «тәжірибе», «тәжірибелі эксперименттік жұмыс», «зерттеу жұмыстары» т.б.

Эксперименттік жұмыс білім мекемесіндегі кешенді көп функциялы әдістердің әртүрлі міндеттерді шешуді және шығармашылық қабілет деңгейлерін көрсетеді:

Модификациялық- белгілі әдіс – тәсілдерді өзгеіске ұшыратып, түрлендіріп, жаңашаландырып көрсету.

Комбинаторлық- жаңа элементтерді танымал бұрынғы әдістермен кіріктіру.

Радикалдық - (инновациялық) принципті түрде жаңашылдықты тудыратын наворлық жағынан қарау, бұрын – соңды қайталанбаған жоба.

Эксперименттік алаң- бұл болашақта мектептің дамуына жол сілтейтін, бірақ қазіргі уақыттағы қажеттілігі байқалмайтын процесс.

Эксперименттің негізгі сатылары мен жобалау бағдарламасы (сатылы бағдарлама, мониторинг)

1. **Диалностикалық** – экспериментті өткізу барысында проблеманы анықтау және сараптау;
2. **Болжау** – Экспериментальды жұмыстың мақсатын нақтылау, ЭЖ бағдарламасының жоспарын толықтыру, сараптаудың критерилерін көрсету (мониторинг бағдарламасы), нәтижесін болжау; жобаның ішкі және сыртқы сараптамасын жүргізу;
3. **Ұйымдастыру** – экспериментальдық жұмыстың мерзімдеріне түзетулер егізіп отыру, кадрларды дайындай, әдістемелік қамсыздандыру және қатысушылар арасындағы қызметтерін бөлу;
4. **Практикалық** - өзіндік экспериментік жұмыстың мониторингі (бастапқы, соңғы және ағымдағы өлшемдер)
5. **Жалпылау** - Алынған мәліметтерді талдау, сипаттау және басылымдарға шығару;
6. **Енгізу (Внедренческий)** – тәжірибе алмасу, құрылған технологияларды тарату.

Әдебиеттер:

1. В. И. Загвязинский, Р. Атаханов. Методология и методы психолого-педагогического исследования - М. : ИЦ "Академия", 2003.
2. Теоретическое и эмпирическое знание в психологии. 2008 - [ЭР] : рабочий учебник - <http://lib/library>
3. Богданов И. В. Методология экспериментального психологического исследования. 2008 - [ЭР] : рабочий учебник - <http://lib/library>